

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкімен

2014 жылдың 03 желтоқсанында

**к е л і с і л д і**

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

ҚОЖАХМЕТОВ К.Б.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2014 жылдың 07 қарашасындағы  
№ 42 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2014 жылдың 18 желтоқсанынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

## Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттарды ашуына мониторинг жүргізу ТӘРТІБІ

---

---

Алматы қ.

2014

Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, бағалы қағаздардың Биржаның ресми тізімінде тұруы кезінде осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттарды ашуына мониторинг жүргізу (бұдан әрі – Мониторинг) тәртібін анықтайды.

1. Осы Тәртіпте Листингілік ережелерінде және Биржаның басқа да құжаттарында анықталған түсініктер қолданылған.
2. Ақпарат деп рұқсаттама бастамашылары Биржаға Листингілік ережелердің 27 бабтың 1-4 және 4-1–4-3 тармақтарына, 28 баптың 1 тармағының 1)-12) тармақшаларына, 29 баптың 1 және 2 тармақтарына, 31 баптың 1 тармағына сәйкес және Қаржылық есеп берушілік депозитарийдің және қор биржасының интернет-ресурсында корпоративтік уақиғалар, туралы ақпараттарды, қаржылық есеп берушіліктерді орналастыру ережелеріне<sup>1</sup> (бұдан әрі – Ережелер) сәйкес ұсынатын ақпараттарды, есеп берушіліктерді және/немесе құжаттарды түсіну керек.
3. Мониторинг жүргізгенде Биржа Ақпараттарды тексереді:
  - 1) Ақпараттардың ұсынылған амалы;
  - 2) Ақпараттың уақытылы ұсынылуы;
  - 3) Ақпараттың толымдығы;
  - 4) Ақпараттың дұрыс рәсімделуі;
  - 5) Ақпаратта елеулі қателердің, қате басылулардың, дәлсіздіктердің бар-жоғы;
  - 6) Ақпараттың мазмұнының растығы.
4. Ақпаратты Биржаға ұсыну амалын тексергенде, Биржа Ақпараттың Биржаға is2in жүйесі (рұқсаттама бастамашысына арнайы бөлінген, Биржаның интернет-ресурсының бөлімі) арқылы немесе Ережелермен, Листингілік ережелермен немесе Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген өзге де рұқсат етілген амалдармен ұсынылуын тексереді.
5. Ақпараттың Биржаға уақытылы ұсынылуын тексергенде, Биржа Ережелермен, Листингілік ережелермен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген ұсыну мерзімдерге сәйкестігі тексереді.
6. Ақпараттың толымдығын және дұрыс рәсімделуін тексергенде, Биржа ұсынылатын құжаттар мен өзге де материалдар мазмұнының Ақпараттың Ережелерде, Листингілік ережелерде және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.
7. Ақпаратта елеулі қателердің, қате басылулардың, дәлсіздіктердің бар-жоғын тексергенде, Ақпаратты пайдаланушыларды жаңылыстыратын Ақпаратта елеулі қателердің, қате басылулардың, дәлсіздіктердің бар-жоғын тексереді.
8. Ақпараттың растығын тексергенде, Биржа іріктеп және шектеулі, өз мүмкіндіктері мен құзіреттілігі шегінде Ақпараттың жеке бөліктерінің бір-бірімен айқын сәйкессіздіктерін және қайшылығын, сондай ақ, Биржаға басқа ақпарат көздерінен, ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдарынан қолжетімді, Ақпарат пен көпшілікке қолжетімді мәліметтердің бір-бірімен айқын сәйкессіздіктерін және қайшылығын тексереді.
9. Мониторингі Биржаның келесідей құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады:
  - 1) негізгі функциясы Ақпаратты ашудың мониторингі болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – мониторинг бөлімшесі);
  - 2) негізгі функциясы Биржаның интернет-ресурсында ақпараттық хабарламаларды жариялау болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – ақпарат бөлімшесі).

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2012 жылдың 24ақпанындағы № 72 қаулысы.

10. Мониторинг бөлімшесі барлық келіп түсетін Ақпараттың Мониторингін жүзеге асырып, ақпарат бөлімшесі рұқсаттама бастамашыларына, листингтік компанияларға және листингленген бағалы қағаздарға қатысты, жаңалықтар бөлігінде қосымша Мониторинг жүргізеді.
11. Мониторинг келесідей ұйымдастырушылық кезеңдерде жүзеге асырылады:
  - 1) Ақпарат келіп түскенде, қос бақылау принципін сақтау мақсатында, екі кезеңдік тексеруден өтеді;
  - 2) Ақпараттық қолданылатын Биржаның талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Биржаның атынан мониторинг бөлімшесі немесе ақпарат бөлімшесі is2in жүйесі арқылы Ақпаратты ұсынған рұқсаттама бастамашысына Ақпаратты белгіленген ұсыну мерзімде түзету және/немесе ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлайды;
  - 3) после завершения проверки Информации она автоматически передается в бэк-офис Биржи (в раздел, соответствующий виду Информации) для хранения и последующего использования работниками Биржи.
12. Биржаның ресми тізіміне жеңілдетілген листинг процедурасымен енгізілген бағалы қағаздар және осы бағалы қағаздардың эмитенті туралы Ақпаратқа Мониторинг жүргізгенде, мониторинг бөлімшесі осы бағалы қағаздар ресми тізімінде тұрған шетелдік қор биржасының интернет-ресурсы арқылы, және/немесе, Биржа мен осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының арасында жасалған листингтік келісім-шартта көрсетілген, интернет-ресурстар арқылы тексереді.
13. Мониторинг нәтижелері Биржаның ішкі мақсаттары үшін, сондай-ақ келесідей қолданылады:
  - 1) Мониторинг жүргізу барысында рұқсаттама бастамашылары Ақпараттарды ұсыну мерзімін бұзуы туралы Биржаның интернет-ресурсының басты бетінде .xls (.xlsx) форматында мәліметтер жарияланып, осы мәліметтердің өзгеруіне қарай бұл файл жаңартылып отырады;
  - 2) Мониторинг нәтижелері тоқсан сайын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне беріліп отырады.
14. Биржаның интернет-ресурсында жариялануы тиіс, Ақпарат тексерілгеннен кейін бір жұмыс күн барысында осы интернет-ресурста, биржалық ақпаратты тарату ережелерін реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген көлемде және тәртіпте жарияланады.

Президент

Қабашев М.Р.